

# Тіл білімінің салалры

Алғалиев Нұржауған

- Тіл білімі немесе лингвистика—тіл және оның даму заңдары туралы ғылым. Тіл — қоғамдағы адамдардың өз ара пікір алысу, бір-бірімен қарым-қатынас жасау құралы. Әрбір тілдің дыбыс жүйесі, сөздік құрамы және грамматикалық құрылысы болады.

# ТІЛ БІЛІМІНІҢ САЛАЛАРЫ

```
graph TD; A[ТІЛ БІЛІМІНІҢ САЛАЛАРЫ] --> B[Фонетика]; A --> C[Лексика]; A --> D[Грамматика]; A --> E[Морфология]; A --> F[Синтаксис];
```

Фонетика

Лексика

Грамматика

Морфология

Синтаксис

- **Фонетика** - (грек. *phônçtikys* – дыбыстық, дауыстық) – тіл білімінің тілдің дыбыстық жағын зерттейтін саласы. Тіл білімінің басқа салаларымен салыстырғанда фонетика өз нысанының тілдік қана емес, материалдық жағын да – дыбыстарды жасайтын адамның дыбыстау (артикуляция) жүйесін, яғни айтылым базасын, дыбыстың айтылымын (акустикасын), естілімін (перцепциясын) қарастырады.

# ФОНЕТИКА

## Тіл дыбыстарын зерттейді

### ДЫБЫС (Сөздің ең кішкене бөлігі. Дыбысты айтамыз, естиміз.)

1. Дауысты дыбыстар (12) (өкпеден шыққан ауаның ауыз қуысында еш кедергіге ұшырамай, еркін шығуынан жасалады)	
1	Тілдің қатысына қарай: 1. Жуан (5): а, о, ұ, ы, у 2. Жіңішке (7): ә, ө, ү, і, е, э, у.
2	Жақтың қатысына қарай: 1. Ашық (6): а, ө, о, ө, е, э 2. Қысаң (6): ы, і, и, у, ү, ұ.
3	Еріннің қатысына қарай: 1. Еріндік (5): о, ө, ү, ұ, у. 2. Езулік (7): а, ө, е, э, ы, і, и

2. Дауыссыз дыбыстар (26) (өкпеден шыққан ауаның ауыз қуысында кедергіге ұшырап шығуынан жасалады)	
1	Қатаң (11): к, қ, п, с, т, ф, х, ш, щ, ч, ц (тек салдырдан тұрады)
2	Ұяң (8): б, в, г, ғ, д, ж, з, һ (үн мен салдырдан тұрады, салдыр басым)
3	Үнді (7): й, л, м, н, ң, р, у (салдырдан үні басым)

### БУЫН Сөздің айтылуындағы дауыс толқынын буын дейді. Қазақ тілінде буынның үш түрі бар

Мысалы	1. Ашық буын	2. Тұйық буын	3. Бітеу буын
	А-ға, а-на, ә-ке, а-та, ба-ла, қа-ла, ша-на-ны, бо-са-ға	Ат, ет, от, ақ, аз, ант, өрт, арт	Бал, тарс, төрт, таң, кез, қант, бұлт, мек-теп, бал-дай, жыл-дам

### ҮНДЕСТІК ЗАҢЫ

БУЫН ҮНДЕСТІГІ Сингармонизм
Сөз ішінде дауысты дыбыстардың үндесуі
<i>бала - лар</i> <i>Отан - ды</i> <i>елші - лер</i>

ДЫБЫС ҮНДЕСТІГІ Ассимиляция
Сөз ішінде дауыссыз дыбыстардың үндесуі
1. Ілгерінді ықпал <i>көзқарас - көзғарас</i>
2. Кейінді ықпал <i>он бес - ом бес</i>
2. Тоғыспалы ықпал <i>Қазанқап - Қазаңғап</i>

- **Лексика** ([грек.](#) лексикос — сөздік) — тілдегі сөздердің жиынтығы, сөздік құрам. Лексикаға тілдегі барлық сөздер кіреді. Сөздер қолданылуына қарай актив және пассив болып бөлінеді. Актив сөздерге күнделікті өмірде жиі қолданылатын сөздер жатады. Ал пассив сөздерге қолданылу өрісі шектеулі көнерген сөздер, диалектілер мен кәсіби сөздер, терминдер жатады. Қазақ Лексикасы шығу тегі жағынан төл сөздер мен кірме сөздерден (араб-парсы, орыс, т.б.) тұрады. Сөздер стильдік қызметіне байланысты бейтарап Лексика, сөйлеу тілінің Лексикасы, жазба тіл Л-сы деп бөлінеді. Бейтарап Лексикаға барлық стильде қолданылатын жалпыхалықтық сөздер жатады: дала, еңбек, көл, таза, екі, жаңа, т.б. Сөйлеу тілінің Лексикасына тұрмыстық қарапайым сөздер, варваризмдер, әдеби тілде сөйлеу Лексикасы жатады. Жазба тіл Лексикасына көне дәуір кітаби Лексикасы мен қазіргі кітаби Лексика жатады. Мазмұнына қарай Л.: 1) есім және шылау сөздер; 2) абстракт сөздер; 3) синонимдер; 4) антонимдер болып бөлінеді. Сипаты мен көрінісі жағынан Лексика былайша сараланады: 1) омонимдер; 2) омографтар; 3) омофондар; 4) омоформдар.

# Лексиканың

құрамына енген  
сөздерді тексеретін  
ҒЫЛЫМ

лексикология

мағыналарын  
тексеретін

ЭТИМОЛОГИЯ

сөздерді жүйелі  
түрде жинау ісін

лексикография

**Грамматика** тіл білімінің сөз таптарын, сөздердің өзгеруі мен сөйлем құрылысын зерттейтін саласы.



Үлкен екі саласы бар:


Морфология

Синтаксис



- **Морфология**— дербес сөздердің грамматикалық мағыналарын тексеретін, грамматикалық сөз тұлғалардың қызметі мен қалыптасу, даму заңдылықтарын зерттейтін тіл ғылымының бір саласы.
- Морфологияның негізгі материалы — морфема. Морфология сөздің грамматикалық тұлғаларын жеке бір тілдегі сөздердің диахрондық (тарихи даму), синхрондық (қазіргі кездегі) көрінісімен де зерттейді. Морфология сөз тұлғаларының түрленуін, бөлшектенуін, әр түрлі өзгеріске түсуін анықтау мақсатында салыстыра зерттеу жүйесімен де айналысады. Сөздің тұлғасы, мағынасы және атқаратын қызметі сөйлем құрамында ғана анықталатын болғандықтан, сөзді синтаксиспен байланысты қарастырады. Демек сөзді лексика-грамматикалық сипаты тұрғысынан айқындайды.


# Сөз таптары



# Сөз құрамы



## Сөйлем мүшелерінің мағынасы мен сұрақтары



# Пайдаланған әдебиеттер

- 1. К.Аханов «Тіл білімінің негіздері»
- 2. [kk.wikipedia.org](http://kk.wikipedia.org)